

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№28 (141) ЖҰМА

8 тамыз 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ




Ел Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ – АБАЙДЫҢ ХАЛҚЫ»

«Дүние жүзінде ғылым мен білімнің түрлі салаларын дамытуға зор үлес қосып, бүкіл адамзатқа ортақ ойшыл ретінде танылған тұлғалар баршылық. Мысалы, Қытай дегенде Лао-цзы мен Конфуций, Ресей дегенде Достоевский мен Толстой, Франция дегенде Вольтер мен Руссо бірден ойға келеді. Сол сияқты шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз керек. Өзге жұрт «Қазақ халқы – Абайдың халқы» деп бізге ілтипат білдіріп отырса, зор мәртебе болары анық.

Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы – қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласының рухани азығы.»

(Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласынан).



АБАЙ ТУРАЛЫ ЕҢ АЛҒАШҚЫ ПІКІР

Американың атақты жазушысы, саяхатшысы, журналисі Джордж Кеннан (1845-1924) Семей қаласындағы болған. Ол сол сапарында қаладағы бай кітапханаға келетін жергілікті халықтың өкілі туралы естиді.

Джордж Кеннан бұл туралы «Г-н Леонтьев передал мне историю Семипалатинской библиотеки и выразил мнение, что она не только большое благо для ссыльных, но и возбуждает интеллектуальные интересы в городе. «Даже киргизы пользуются ею», - сказал он:

- Я знаю одного старика киргиза Ибрагима Конобая (ұғыңыз: Абай Құнанбаев – А.Е.), который ходит в библиотеку и читает даже таких авторов, как Дрэпер и Милль.

- Ну, Вы шутите! – воскликнул веселый студент.

- Нисколько, - холодно отвечал Леонтьев. – Сначала он и меня удивил, попросив у меня объяснения, что такое индукция и дедукция; но потом я узнал, что он усердно изучает английскую философию и читает в русском переводе, конечно, этих авторов» деп жазған. Бұл сөздері оның 1890 жылы Парижде жарық көрген кітабында жарияланған.

Бұл – Абай туралы айтылған ең алғашқы пікір, абайтанудың қарлығашындай лебіз. Демек, Д.Кеннан еңбектері арқылы 1890 жылы Абай күллі әлемге танылған десек, ешкім қызғана қоймас.

Арап ЕСПЕНБЕТОВ,
Шәкәрім мемлекеттік университеті, профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.
Abai.kz

САҚТАНСАҢ – САҚТАЙДЫ!

ӨРТКЕ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢ!!!

Сәтбаев қаласының Төтенше жағдайлар бөлімі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажеттілігі туралы еске салады. Құрғақ әрі желді климат дала өрттерінің таралуына және құрғақ шөптердің тұтануына алып келеді. Дала өрттері болдырмау және алдын алу мақсатында, қарапайым ережелерді сақтаңыз:

- сіріңкені және тұқылдарды лақтырмаңыздар;
- өрт қауіпті маусымда қалдықты жақпаңыздар;
- демалыс орнынан шыққанда, алауды сумен сөндіріңіздер немесе жалын сөнбегенше топырақпен көміңіздер;

- өрттің басталып жатқаның көрсеніздер, оны сумен немесе топырақпен сөндіріңіздер;

- қораларда, шатырдың астында және жанғыш заттар сақталатын т.б. жерлерде, ашық жалынды пайдаланбаңыз және шылым шегпеңіздер;

- керосинді, газды, тұрмыстық электр құрылғыларын қараусыз қалдырмаңыздар.

Отпен жұмыс жасағанда қауіпсіздікті қатаң сақтау қажеттігін естен шығармаңыздар.

Е.ОРЫНБАЙ,
Сәтбаев қаласының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.





АБАТТАНДЫРУДА АЙТАРЛЫҚТАЙ ІСТЕР БАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқеев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы тұтас халықты ұйыстыратын берекелі бастама екенін атап өтіп, «Бір сөзбен айтқанда, қоршаған ортаның тазалығы әркімнің күнделікті дағдысына айналуы қажет... «Таза Қазақстанның» аймақтарда сапалы жүзеге асуына әкімдер тікелей жауапты», - деп міндеттеген болатын. Біз осыған орай облыс орталығындағы абаттандыру жұмыстарының қазіргі жай-күйі жайлы Жезқазған қаласы әкімдігінен сұрастырып көрген едік.

Облыстық мәслихаттың өткен жылғы 5 шілдедегі сессиясында қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру ережесі бекітіліп, онда көшелердің санитарлық тазартылуы, жолдарды күтіп ұстау, аялдамаларды ретке келтіру, жарықтандыру бағандарының жай-күйі, автожолдардың ағымдағы жөнделуі, балалардың ойын алаңдарын жөндеу және абаттандыру, көгалдандыру, тұрмыстық қалдықтар контейнерлерін дұрыстап ұстау сияқты міндеттер қамтылған еді. Қала әкімдігінің тиісті бөлімдері қазір осы бағыттағы жұмыстармен жүйелі айналысып отырған көрінеді. «Таза Қазақстан» республикалық акциясының жариялануы абаттандыру жұмыстары аясының кеңейе түсуіне айтарлықтай ықпалын тигізді.

- «Таза Қазақстан» акциясы шеңберінде жыл басынан бері 6 жалпы облыстық, 3 қалалық сенбілік ұйымдастырылып, оларға 38 мыңнан аса адам қатысты. 627 арнайы техниканы жұмылдыру арқылы 3027 тонна қоқыс шығарылды. Сонымен қатар, қалада апта сайын «Таза бейсенбілік» акциясы өткізіледі. Дегенмен, тұрмыстық қатты қалдықтарды уақытылы шығарып отыруда айтарлықтай проблемалар бар. Үстіміздегі жылы осы жұмыспен айналысатын «Сәт Тазалық» ЖШС компаниясына қоқыс шығару кестесін бұзғаны үшін бес рет 395 мың теңге көлемінде айып салынды. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралардың жоспары аясында 2025 жылға 100 қоқыс контейнерін алуға және 100 контейнер алаңын абаттандыруға бюджеттен 100 млн. теңге қаржы бөлінді.

Облыстық мәслихаттың 2024 жылғы 18 желтоқсандағы сессиясында «Ұлытау облысының «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары» бекітілген болатын. Тұжырымдамада 3 бағыт бойынша 43 шара қамтылған. Үстіміздегі жылы 33 іс-шараны жүзеге асы-



ру жоспарланған еді, соның 12-сі орындалды, 21-і орындалу үстінде. Облыс аумағының экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында кейінгі төрт жылда 67 мыңдай жасыл желек отырғызылса, биылғы жылы 27277 көшет отырғызу жоспарланды. Оның 16 мыңы Жезқазған қаласында егіледі. Көктемде қалада 1982 ағаш көшеттері егілді, енді жасыл желектің қалғанын күзде отырғызу ұйғарылып отыр, - дейді Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Аспан Арынов.

Бір айтарлығы, қала әкімдігінің ТКШ бөліміне қарасты «Мәдени және демалыс саябақтарын басқару» коммуналдық қазынашылық мекемесінің құрылуы саябақтар мен бақжолдарды күтіп ұстауға, сондай-ақ, жасыл желектердің уақытылы суарылуына жақсы жағдай туғызды. Соның нәтижесінде қураған ағаштар кесіліп, жасыл желектер мен гүлзарлар көз тартып өсіп келеді. Тұрғындардың сөйлеп, демалатын орындарының қатарын көбейту мақсатында Б.Момышұлы көшесінде жаңа гүлбағы жабдықталуда. Сонымен қатар, қаланы абаттандыру аясында көпқабатты үйлердің ауласына балалардың ойын алаңдары салынуда. Биылғы жоспар бойынша балалардың 31 ойын алаңы жаңадан іске қосылмақшы. Жезқазғанның басты көшесі Алашахан даңғылы бойын абаттандыруға

379 млн. теңге қаржы бөлініп, өскелең заман талғамына сай жаяу жүргіншілер жолы салынуда. Қазір бұл ауқымды құрылыстың қарқынды жүргізіліп жатқаны байқалады. Биыл көпқабатты үйлердің қасбеттерін жаңартуға 79 млн. теңге қаржы бөлінді. Қала әкімінің орынбасары бұл қаржы аз дейді. Алда конкурс ойнатылған соң бұл жобаға қосымша қаржы қарастыру ойластырылып отырған көрінеді.

Қорыта айтар болсақ, «Таза Қазақстан» бастамасын белсене қолдаған Жезқазған таза, көрікті қала болу жолындағы шараларды жап-жақсы қолға ала бастады. Президентіміз биылғы жылдың басында «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында осы маңызды мәселеге тағы да мән беріп: «Елді мекендердің тазалығы – тұрмыс сапасының жоғары екенін білдіреді. Мен аймақтарға барғанда қалалардың қалай абаттандырылғанына үнемі назар аударамын. Осы ретте «Таза Қазақстан» идеясы ұлттық идеологиямыздың аса маңызды бөлігіне айналуға тиіс екенін тағы қайталап айтамын», - деді. Жалпы көп нәрсе адамдардың өздеріне байланысты екені белгілі. Сондықтан, әрбір тұрғын өз қаласының таза, әрі көрікті болуы жолындағы шараларға мысқалдап болса да үлестерін қоса білсе, қандай ғанибет болар еді.

Амандық РАХҰЛЫ

В САТПАЕВЕ СТАРТОВАЛА НОВАЯ ПРОГРАММА: ВЫДАН ПЕРВЫЙ КРЕДИТ

В городе Сатпаев запущена новая льготная ипотечная программа «Сатпаев жумыскер», направленная на поддержку представителей рабочих профессий. Проект реализуется акиматом города Сатпаев совместно с АО «Отбасы банк».

Первой участницей программы стала Гульжанат Бозбаева — электрослесарь в Управлении энергетики по обслуживанию электрооборудования. Она стала первым заемщиком в рамках данной инициативы.

Принять участие в программе могут только представители рабочих специальностей, в том числе:

- * электрослесари,
- * сварщики,
- * токари,
- * машинисты,
- * монтажники,
- * механики,
- * а также другие технические специалисты в сфере производства.

Основные условия участия:

- * Заявитель должен быть представителем рабочей профессии;
- * Ежемесячный доход не должен превышать 200 МРП;
- * За последние 5 лет ни у самого заявителя, ни у его(её) супруга(и) не должно быть в собственности жилья.

Кредитование доступно для работников следующих сфер:



- * обрабатывающая промышленность и машиностроение,
- * электроснабжение, теплоснабжение, водоснабжение и газоснабжение,
- * водообеспечение, канализация и переработка отходов,
- * управление кондоминиумами и обслуживание их имущества,
- * строительная отрасль,
- * сельское, лесное и рыбное хозяйство,
- * лёгкая промышленность,
- * горнодобывающая промышленность и разработка карьеров,
- * транспорт и складское хозяйство (для работающих на объектах Улытауского региона).

Если вы представитель рабочей профессии и мечтаете о собственном жилье, вы можете обратиться в акимат города Сатпаев для получения консультации и подачи заявки на участие в программе.

**(Пресс-служба акима
области Улытау)**

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін. Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией. Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

► ДИДАРҒАЙЫП

ҒАРЫШТА ӘН ШЫРҚАҒАН ТАЛҒАТ ЕДІ...



Талғат Мұсабаев ағамыз да бақилық болды. Ғарыш әлеміне көзінің тірісінде үш мәрте сапарлап қайтқан жалғыз қазақ еді ол. Енді Ғарыш жаққа қарай Мәңгілікке аттанып кетті. Үш мәрте Ғарыштан оралғанын ел болып, халық болып деғбірсіздене күтпеп пе едік? Ал, бұл сапарынан енді ол арамызға қайта оралмайды.

Соңғы ұшу сапары кезінде корабльден ақау шығып, соны реттеу мақсатында 40 сағаттан астам уақыт бойы ашық космоста болды. Ол Ғарыштың шын мәніндегі қаһарманы еді.

«Тура айтқан туғанына да жақпайды» демекші, мінезі тіктеу, ойын ашық айтатын Тәкең біздің кейбір әріптестеріміздің буынсыз жерге пышақ ұрған сәттеріне сызылып тұра қалмағаны үшін «жазықты» болып қалып, әлеужелі соны іліп әкетіп, оның атына да әлеужелі арқылы анау -мынау сын айтып, мінеп-шенеп, қоқиланып жүретінбіз. Кейбіреулер әлі де сол әлеулайларын жалғастырып жатыр. Тірісінде қадіріне жетпесек те, Жер қойнына түскенде тиылсақ нетті? Әуаққа деген құрметті де ұмытып барамыз ба, қалай өзі?

Талғат ағамыз ғарышта жүріп, Абайдың әнін шырқаған қазақ еді. Сонысының өзімен -ақ, оның есімі қазақ тарихында Алтын әріптермен жазылмай ма? Сол тұста ақын болмасақ та, «Ғарышта шырқалған ән» деген тақырыппен өлең де жазған екенбіз. Сол өлеңімізді төменде жариялап отырмыз.

Фейсбук әлеужелісінде осы өлең жарияланған соң, атақты айтыскер ақын ағамыз Мұқаш Сейтқазынов «Абайдың 180 жылдығында сол салған әні қайта - қайта жаңғырып жатыр көк жәшікте. Бұл да жай сәйкестік емес-ау....» деген пікір қалдырыпты. Ұланасыр тойының қарсаңында Абайдың әнін Ғарышта шырқаған Ғарышкер қазақ сол ұлы Абай жүрген жұмбақ әлемге аттанды. Шынында да тегін емес-ау, бұл дегеніңіз... Бәлкім, ол Ұлы Абайға Елдің, Жердің сәлемін жеткізуге асықты ма екен?!

Алдынан жарылқасын Ағамызды! Иманы саламат болсын!

Алматы. Медеу, «Азия дауысы».
Әуезді әуен таңға ұласады.
Қазақтың жері ән болып шалқып,
Ғарышта қазақтың жүрді баласы.

Аймалап жүзін Азаттық нұры,
Ғарышта жүрді қазақтың ұлы.
Ғарышта жүрді қазақтың ұлы,
Айғақтап менің Азаттығымды!.

Күндерім көшіп күңгірт, келеңсіз,
Өркениетке жылжып келеміз.
«Қой бағып жүрген қазақ» болсақ та,
«Байқоңырдан» біз де ұшады екенбіз!

Осыны тәуба көзіміз көрді,
Мықты болайық өзімізге енді.
Қазақтың атын - халықтың атын,
Биікке самғатар кезіміз келді.

«Азия даусына» танымал болған,
Бұлбұл әншінің бәрі жиналған.
Ғарышкер жігіт сәлем жолдады,
Теледидардың мониторынан.

Бұл деген ғажап көрініс болды,
Қазақтың сөзін әлем естіді.
Толқытпай кімді қалады дейсіз,
Ғарыш пен жердің тебіреністері.

Тұлпарын мініп, жүретін ән сап,
Қалды ма бәлкім, даласын аңсап.
Ғарышта жүрген ғарышкер жігіт,
Абайдың әнін шырқады бір сәт.

Абайдың әні! Абайдың әні!
Қосылып жатты Медеудің маңы.
Жер бетіндегі халық біткеннің,
Танданып бұған қарайды бәрі.

Айтқаны деме: асылық болды,
Құдайдың бағы басыма қонды.
Он минут бойы Абай әніне,
Жер менен ғарыш қосылып тұрды.

Ғарышта жүзген ұлы кемені,
Төрбейді әннің тұнық әуені.
Бізге дейін де талайлар ұшқан,
Ән салған бірақ, кімі бар еді?!

Халқымның алып, өрлігін мықты,
Жақыным түгіл, алысым ұқты.
Жеті қат көкті жарып өтті де,
Абайдың әні ғарышқа шықты!

Ғарышкер жігіт, қыран көңілді,
Таныттың әлемге мынау еліңді.
Билігі болғанда юридің менде,
Сыйлар ем саған гран - приді.

Бодандық талай тұсаған еді,
Бостандық келмей ұша алар ма еді?
Ғарышқа барып ән салған қазақ,
Бауырым Талғат Мұсабаев еді.

Абдолла ДАСТАНОВ.

ТУҒАН ЖЕРДІ ТҮЛЕТКЕН

МҮСІЛІМ ТОҚТАМЫСОВТЫҢ РУХЫНА ҚҰРМЕТ

Ол өмірін еліне арнады. Бұл әсірелеу емес, шын мәнінде солай.



Қарағанды Политехника институтын тәмәмдап келгеніне қарамастан еңбек жолын қарапайым жұмыскерден бастады. Мұнысы өндірістің төменгі сатысынан бастап көзімен көріп, жанымен сезінгісі келгендіктен барған қадамы еді. Мұнысы кейін өзін ақтады. Техника қауіпсіздігі қалай сақталып жатыр? Басшылардың өздеріне бағыныштыларға деген көзқарастары қандай? Мүсілім Тоқтамысұлы соның бәрін ойына тоқып жүрді. Кейін басшылық қызметтерде жүргенде өзі аңғарған келеңсіздіктерге жол бермеуге ұмтылды.

Ш.Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайында орналасқан «Қала мұражайында» М. Тоқтамысовқа арнайы құрмет бұрышын ашу салтанатында оны білетіндердің бәрі дерлік ол кісінің биік адамгершілігін, біліктілігін, ұйымдастырушылық қабілетін сөз етті.

Салтанатты қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, Ш.Ділдебаев атындағы Кеншілер Сарайының ұжымы ұйымдастырды. Ал, мұндай шаруаға бастама көтерген атақты кенші, Қазақстанның Еңбек Ері Тұрсынбек Мақышев болды.

Өнші Е. Әлғожиннің орындауындағы халық әнімен бастау алған салтанат одан әрі құттықтау лебіздермен, әдемі естеліктермен жалғасын тапты.

Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары Д.Мұхан Мүсілім ағаның еңбегі әрқашан елінің жадында сақталуы қажеттігіне тоқталды. Ол сондай-ақ, Мүсекеңнің бәй-

бішесі Волга Әбікенқызына құрмет танытып, иығына қазақы жолмен қамзол жапты. Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Б.Әбен сөзінде Мүсілім ағаның Жезқазған қаласының Құрметті азаматы екенін атап өтіп, «ол кісіге арналған нақ осындай құрмет бұрышын Жезқазғадағы музейлердің бірінде ашу туралы» бастама көтерді. Көпшілік бұл бастаманы зор ықыласпен қабылдады.

Еңбек ардагері, ҚР еңбек сіңірген энгергетигі, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы Ж.Мұңсызбаев өзінің Мүсілім Тоқтамысовпен бірге жұмыс істеген жылдарындағы естелігімен бөліссе, «Қазақмыс» корпорациясының ЭРСУ мекемесінің бас инженері С. Михайлец өнегелі өмір иесінің тағылымы талай шәкіртке әліге шейін бағдар, бағыт беріп келе жатқанын атап көрсетті. Қ.Сәтбаев атындағы музейдің директоры К.Балкенов Мүсекеңнің тарихты қастерлеуге деген қасиетін айрықша бағалайтынын жеткізді. Ол Мүсекеңнің отбасына бірнеше кітаптарды тарту етті.

Мүсілім ағаның зайыбы Волга Әбікенқызы мен қарындасы Рахила естеліктерін айтып, шараны ұйымдастырушыларға деген алғыстарын жеткізді.

Құрмет бұрышы салтанаты жағдай ашылған сәтте шашу шашылды. Салтанат соңынан арнайы дәм беріліп, Мүсілім Тоқтамысовтың әруағына дұға бағышталды.

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.



ӨЛЕҢ АТТЫ ҚҰДІРЕТ

Туа біткен сый еді,
Қайырлы таң тұр тілеп.
Қолдай көрсін киелі,
Өлең атты құдірет.

Аталардан аманат,
Аманбысың, арда жыр!
Ұландарға – ұлағат,
Ақындарға – арман жыр!

Есті сөзге елеңдер,
Қазақ едік баладай.
Көш басында – кемеңгер,
Жыр алыбы, дана Абай!

Тілек қылып тәу етер,
Сыйынарым сен едің.
Талаптыға тәуекел,
Тәңіріме сенемін.

Көкжиегім, күлімде,
Қанат қақсын қырандар.
Ұлылардан бүгінде
Үлес алар ұлан бар.

Ақ қанат жыр-әнменен,
Шартарапты шарлайды.
Аталы сөз, арлы өлең,
Абай көшін жалғайды.

Мұса ТІЛЕУОВ.

ЖЕТКІЗГЕН СӨЗБЕН ДАЛА МҰҢЫН

Өлеңін оқып,
Көңілге тоқып,
Абайдың ұғып даналығын,
Шиырлап жазып,
Сөз түбін қазып,
Жеткізген сөзбен дала мұңын,
Ащы да, қатты өлеңі бейне егіз таяқ,
Өсиет сөзі біздерге жеткен «Сегіз аяқ».

Наданды мінеп,
Өділет тілеп,
Шындықты қосып жырына,
Өлсізді жақтап,
Бөледен ақтап,
Ілігіп күшті қырына,
Елінің мұңын көре де білген, дара көз,
Өсиет қылып, білгенін тізген қара сөз.

Шабытын ерттеп,
Өлемді зерттеп,
Аударған ұлы Пушкинді.
Өмірді қысқа,
Өткізбей босқа,
Тәңірім берген «Үш күнді».
Сипаттап қосқан туған жерін өлеңге,
Даналық сөзбен танытқан елін әлемге.

Білім көзін ашып,
Жыр гүлін шашып,

Арқауы Жырдың ұлы Абай



Қараңғы қазақ төріне,
Өнерді сүйіп,
Шыңына биік,
Қазақты сүйреп өріне,
Наданды сынап, мұрт түсті деп ұртына,
Үйретпек болды ол мәдениетті жұртына.

Еркін ОРАЛБАЙҰЛЫ

АБАЙ ДЕСЕ...

Тіршіліктің Адам мен Хауа – басы.
Бар өнердің қара өлең – бағанасы!
Сөз-патшаның иесі – Анық Абай
Шыңға біткен жалғыз тал, тау ағашы.

Абай – ғасыр!
Абай – жыл!
Абай – заман!
Өзгеру керек шығар қалайда адам?!
«Мен боламын демендер» деп еді ақын,
Бір пенде жоқ ақылға маңайлаған.

Домбыра едім мен де бір бебеулеген,
дауысы құйқылжыған, төмендеген.
Қалғып кетсем ат көрем қаңтарылған,
Аңтарылған ел көрем, елеңдеген.

Аңшы қазақ, сал қазақ, сері қазақ,
Жылқы қазақ, қой қазақ, бөрі қазақ.
Мырза қазақ, кең қазақ, көсем қазақ,
Қара қазақ, құлагер, торы қазақ.

Жұртың – осы.
Күйінген, сүйінгенің.
Үрейленген, үркектеп үйіргенің.
Жек көрем бе осы елді?
Жақсы көрем!
түсінуім осыны – қиын менің.

Қайран ауыл, қалың ел – қараорманым,
Жоғалғаным өзінде, тоналғаным.
Қонақшылап, қойқандап, қомпаңдасып,
Қолында деп қояды бәрі Алланың.

Жуаның кім?
Биік кім?
Аласаң кім?
Таппай қалам қоғамнан жарасар дым.
Ақыл айтқың келеді айналаңа,
Ақ шапанын киіп ап қара шалдың.

Көңілімде – бір үміт, бір кекесін,
Көз жасым-ай, қайтейін, тырс етесің.
Абай – Құран бір елге...
Абай – Ұран!
Жабырқайсың, жылайсың, мырс етесің.

Абай ОРАЗ.

ЖАЛҒЫЗДЫҒЫҢ ӨЛДЕҚАЙДА ҚҰРМЕТТІ!

«Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым – тап шыным!..»
(Абай)

Тәңір жалғыз, жалғыз есті пендең де,
Бәрі қалған сеннен, қалар меннен де.
Алысқанда жалғыз жанмен көп мәстек,
Не табады жеңілгенде, жеңгенде?!

Тауып беріп өткелсізден өткелді,
Мысал етіп алға тартып өткенді,
Жаның қалмай, жаның ашып тұрады,
Сол үшін де олар сені жек көрді...

Сөз айтқанмен есі барға ұғардай,
Қыңыр, қырсық көрдеңдейді құп алмай.
Біз келеміз толарсақтан саз кешіп,
Батып кетпей не жағаға шыға алмай.

Мейірімсіз, қасарысқан, қарысқан,
Бір-бірімен боққа бола алысқан.
Көшелі боп көрінетін пенде көп,
Есебі жоқ дүниемен жарысқан...

Адамзатқа қол жаулықтай есіл ар,
Уысынан шыққаннан соң кеш ұғар.
Би жүретін жолда жүрсе құл-құтан,
Бәйек болып, бәдік озса несі бар?!.

Қамшыға да бой үйренген, ет өлген,
Шертіп тұрып айту міндет шекемнен.
Топ алдында тоқмейлсіп тоғайдық,
Адамдайын бар парызы өтелген.

Айтпа дейді кем тұсымды – мінімді,
Сол жараспақ екен жанға білімді.
Ес болайын деп ескіше сөйлесем,
Жалғыз қалар Құдай ұрсын түрімді...

Жақтыра алмай ду думанды, дүрмекті,
Ақ көңілім бүгін кірлепті.
Өңкей қиқым, өңшең төмен тобырдан,
Жалғыздығың әлдеқайда құрметті!

Жанат ӘБДІҒОЖИН.



«ОНЫҢ БАСЫ БОЛЫП ПА ЕДІ?»

Тау халықтарының осы тақырып турасындағы тамаша тәмсілі бар. Үш аңшы апанына кіріп кеткен қасқырды ұзақ күтеді. Алайда, шыдамы таусылған әлгілердің бірі әлдеқандай уақытта тар қуысқа басын сұғып, тығырықтағы қасқырдың «қал-жағдайын» білмекші болады. Әлбетте, дегбірсіз дене қимылсыз қалады. Достары сұлық тәнді сүйреп қараса, бас жоқ. Сосын екеуі отырып ойланады. Біреуі «басы бар-тын» дейді, екіншісі «жоқ-тын» дейді.

Денені ауылға алып келіп жұрттан сұраса да, жұрттың пікірі екіге жарылады, біреулері бар дейді, екіншілері жоқ дейді. Ең соңында сауалды әлгі әпендінің жесір жарына қояды. Сондағы Мәриямның айтқан сөзі дегендей, сондағы жарының жауабы:

- Күйеуімнің басы бар-жоғын мен де нақты білмеймін. Бірақ бір ғана дүниені анық айтуға болады, ол жыл сайын өзіне жаңа папаха тіктіріп киіп жүретін дейді.

Расул Гамзатов «Кез келген тау ұлы басындағы сеңсең бөркі мен қадірлі есіміне ие болуы керек, бөрікті сол бөріктің ішінде басы бар жігіт қорғайды, есімге жүрегінде оты бар еркек қана дақ түсірмейді» дейді.

«БАССЫЗ АДАМ»

Жуырда хакім Абайдың 180 жылдық мерейтойына орай абайтанушы ғалым Базарбек Атығайдың 3 кітабы жарық көрді. Соның бірі – қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби қаржыгер, аудармашы, әдебиет сыншысы, Абайдың немере інісі Даниял Кәкітайұлы Ысқақов туралы еңбек. Аталған кітапты оқып отырып, Даниял Кәкітайұлының аудармалары ішінен өзбек жазушысы Абдолла Қаһардан тәржімалаған «Бассыз адам» деген әңгімеге назар аудармай өте алмадық.

Шап-шағын шығарманың қысқаша желісі былай: Байы Абдыразақ өлгеннен кейін Нысанбүбі екі жас қызымен жесір қалады. Кейін ауылдағы ұста Абдырақман Нысанбүбіге сөз салып, екеуі бас құрайды.

Абдырақманның Пақыратдин деген жалғыз ұлы болады. Арада біраз жыл өткенде ер жетіп қалған сол Пақыратдинге әкесі Абдырақман Нысанбүбінің үлкен қызы Марияны зорлап қосады. Абдырақманның ол ісіне Нысанбүбі де, ұлы Пақыратдин



де, Мария да қарсы келе алмайды. Пақыратдин пақыр десе пақыр, бос-белбеу біреу, әкесінің айтқанынан шығып көрмеген момынның момыны. Сөйтіп айлар өтеді, жылдар жылжиды. Нысанбүбі екі жастың ары қарайғы өмірлерінің онша баянды бола қоймайтыны сезіп, қызы Марияны бала көтермеуге үгіттейді. Күйеубаласы Пақыратдинге де сол ойын айтса, ол пақырың «білмеймін, әкемнен сұрап көрейін» деп қарап тұрады. Бірақ, таң атпайын десе де, Күн қоймайды дегендей, Марияның жүкті екені белгілі болады. Нысанбүбі енді Марияға түсік тастаудың жолын қарастырады. Ішін оқтаумен ысқылайды, аунатады, секіртеді, істемегенді істейді қысқасы. Ақыры 18-ші күн дегенде Мария қатты ауырып, қаладағы ауруханадан бір-ақ шығады, бір сөзбен айтқанда өлім ауызынан қалады. Сол уақыт аралығында Пақыратдин не істеді деңіз? Әкесі келіншегінің қал-жағдайын біліп қайт дегенше, зеңіп қалған қой құсап ешқандай әрекет қылмайды.

Кейін әкесі қолына азын-аулақ ақша ұстатып, келіншегіңе барып кел, қалын сұра дейді.

Барады. Жары Мария екеуі шамалы үнсіздіктен кейін азырақ тіл қатысқандай да болады. Мария бір өлімнен қалғанын айтады. Пақыратдин осында әкесі жібергенін міңгірлейді.

«Шарананы алып тастады, көрдім, басы жоқ», дейді Мария бір кезде.

Әңгіме осымен бітеді.

Ойланасың шынымен. Кімнің басы жоқ? Шарананың ба, Пақыратдиннің ба, Марияның ба, Нысанбүбінің ба, Абдырақманның ба?

Кімнің?

«ЖОҒАЛҒАН АҚЫНДЫ СОҒҒЫ РЕТ ҚАЙДАН КӨРДІК?»

Кеше әлеуметтік желіні шолып отырғанда ақын Қарлығаш Қабайдың «Жоғалған ақынды соңғы рет қайдан көрдік?» деген тамаша дүниесі алдымыздан шыға келді. Өмірзая ақын,

27 жасында ұшты-күйлі ғайыпқа айналып кеткен қаламгер Әділ Ботпанов нақындағы тұрқы бөлек жазба алғашқы сөйлемдерімен-ақ бізді бірден ерекше әсерге, ерекше әлемге жетелеп әкетті.

Автор ғайып-ақын туралы әңгімені қаламгер Джемаль Қырғыздың «Жоғалған мүрде» деген шығармасы арқылы бастап, ешкім күтпейін шешімдермен шебер жымдастырып, тіпті соны соқпаққа шығарады. Ерекше риза болдық. Тіпті, қайталап оқып отырып, индивидтің тууы, өмір сүруі, көлеңкеге айналуы, жоғалуы жайында, одан да өзге бірнеше ойға құлаш сермедік.

«...Жазушы қайтыс болады, ал оның мүрдесі табылмайды. Жазушының мүрдесін табу үшін жұрт түгел атқа қонады. Бірақ ешкім таба алмайды. Анасы, әжесі, нағашысы, ағасы, әйелі. Көршілер. Басқа туыстар. Дүкеншілер. Ауыл әкімі. Достары. Жүздеген адам іздеуге жиналады. Мүрде жоқ», деп басталатын шығармада бәрі айтылады.

«Жазушы қашан жоғалды?» деген сауалға анасы «емшектен шыққанда» десе, молда «мешіттің дәретханасы алдында» деп жауап береді. Ауыл әкімі болса «Сайлауда дауыс беру қағазын алғаннан кейін барып жоғалды», деп қосады...

Осы сияқты көптеген сауал қойылады. Барлық сауал, барлық жауап ойландырады.

Былайша, жұртшылық жазушы жайлы барлығын білетін сияқты, бірақ сұрай келсең ешкім ештеңе жарытып айта алмайды. Үстінде не бар еді, не ішуші еді, не айтушы еді, соңғы рет кім қайдан көрді?

Ешкім ештеңе білмейді...

...

Мұхтар Шаханов Серік Ақсұңқарұлы інісінің:

«Ертеңгі күн елес әлі.

Бұлдырап тұр шашып от.

Қазақ деген – Кенесары.

Денесі – бар. Басы – жоқ...» деген өлеңін қатты мойындайтынын ылғи айтып жүреді. Аталған өлеңді жазушы Төлен Әбдік те бір басқосуда айрықша

атап, кеңірек тоқталғаны бар.

Бағанадан бергі бас туралы әңгіме-міз демек, жай бас жайында болмай тұр ғой.

Бізде шынымен бас бар ма осы? Болды ма?

Болса қайда?

Абайды бас ақынымыз дейміз? Ал, сол Абай қайда қазір?

Біреу Абайды бар деді, біреу жоқ деді.

Біреу нашақор деді, біреуі ескіні көксеген, көп әйел алған шонжар деді, орысшыл, қазақты сынағаннан басқа түгі де жоқ болатын деп өзеуреді.

Француз жазушысы Эмманюэль Каррердің «Мұрт» деген романы бар.

Бас кейіпкер бір күні мұртын қырып тастайды. Бірақ оны ешкім байқамайды. Тіпті әйелі де. Ең қызығы әлгі бас кейіпкер менің мұртымды қырып тастағанымды неге аңғармайсыңдар деп ренжісе, жұрт оған сенде мұрт болып па еді деп күйдіреді. Ары қарай ауыр күйзелістер, кикілжіңдер, ақыры мұртын қырып тұрған бас кейіпкер қылпып тұрған ұстараның жүзін кеңірдегіне кезейді...

Біз жалпы Абай жайлы бір кісідей білеміз деп ойлаймыз, шындап сұраса ештеңе де жарытып айта алмайтын болып шығамыз. Неге?

Біз жеке-жеке Абайды тануымыз, білуіміз, тәпсірлеуіміз, тереңіне бойлай алуымыз мүмкін, бірақ ұлт ретінде Абайды әлі білмейміз. Оны мойындауымыз керек.

Абай қайда қазір?

Басымыз қайда, аяғымыз қайда, Абайымыз қайда?

Меніңше Абай Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде емес.

Абай біздің жалақорлығымызда, жікшілдігімізде, жалқаулығымызда, лап бергіштігімізде, тез оңатын әсіре қызылдығымызда, қаңсыққа қаражатын аямай шаша салғыш надандығымызда...

Шын мәнінде Абай біздің иманымызда, сертімізде, намысымызда, ақылымызда, арымызда, ғылымымыз бен білімімізде болуға керек еді.

Әлгілердің Абай өмірде болмаған адам, өлеңдері өзінікі емес, алаштықтардың ойлап-тапқан жобасы деуінің ар жағында сенде мұрт болмаған, осының басы болып па еді, Абай болса кім оны қай жерден көріпті, болса көрер едік қой, не танып тұрсың деп, сау адамды ақылынан алжастыру тәсілі екенін сезетін уақыт еді.

Бірақ біз жарқ-жұрқ еткен басқа қызықтардың қалқасында «Абай – дана, Абай – дара қазақта» деп күңіренуден әрі аса алмайтындығымызға налимыз.

Сол енді.

Асқа, тойға баратұғын уақыт жақындап қалды, Абайды тағы бір мәрте тануға талпынып көруіміз керек қой, не дегенмен де...

Жалпы, басымыз қайда деп бас-талған әңгіме болса, оған ойлана келе тапқан кішкентай жауабымыз – әр адамның басы өз ішіндегі рухани жауапкершілігі, ал Абай – сол жауапкершіліктің, иман мен білімнің, ақыл мен парасаттың өлшемі емес пе?

Мирас АСАН.
(Фейсбук парақшасынан)

► ҚОҒАМ ЖӘНЕ ЗАМАН

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ
ӘЛЕГІ

Бүгінгі таңда әлеуметтік желі — адамдар арасындағы қарым-қатынастың, ақпарат алмасудың ең кең таралған құралына айналды. Facebook, Instagram, TikTok, X (бұрынғы Twitter), Telegram сынды платформалар арқылы әлемнің кез келген нүктесіндегі адаммен байланысу — әп-сәтте іске асады. Дегенмен, бұл мүмкіндіктермен қатар, әлеуметтік желінің жағымсыз жақтары мен зардаптары да аз емес.

Артықшылықтары. Әлеуметтік желілердің бірқатар пайдалы тұстары бар:

Жылдам байланыс: Жақындармен, достармен және әріптестермен оңай хабарласуға болады.

Ақпарат тарату: Жаңалықтармен бөлісу, өз көзқарасын білдіру, түрлі іс-шаралар туралы ақпарат тарату мүмкіндігі бар.

Жеке бренд қалыптастыру: Кәсіпкерлер, өнер адамдары немесе блогерлер үшін әлеуметтік желі — өзін жарнамалаудың, аудитория жинаудың негізгі құралы.

Зияны мен кері әсері. Алайда әлеуметтік желіде шектен тыс уақыт өткізу мен жалған ақпараттың көптеп таралуы үлкен мәселелерге әкеп соғуда:

Уақытты тиімді пайдалана алмау: Көп адам әлеуметтік желіге тәуелді болып, күнінің көп бөлігін телефонға қарап өткізеді. Бұл еңбек өнімділігін төмендетіп, денсаулыққа зиянын тигізеді.

Кибербуллинг: Әлеуметтік желі арқылы тіл тигізу, қорлау, жалған ақпарат тарату сияқты теріс әрекеттер орын алып жатыр.

Психологиялық қысым: Өркімнің өмірі мінсіз көрінетін желілерде кей адамдар өзін төмен санап, депрессияға түсіп жатады. Бұл әсіресе жастар арасында жиі кездеседі.

Жалған ақпарат: Фейк жаңалықтар мен жалған мәліметтер қоғамда дүрбелең тудыруы мүмкін.

Шешім қандай?

Әлеуметтік желіні тиімді пайдалану — әр адамның өз қолында. Уақытты шектеп қолдану, сын тұрғысынан ойлап, ақпаратты тексеру, өзіне және өзгеге зиян келтірмеуді ұстану — бұл құралдың пайдасын арттырып, зиянын азайта алады.

«Әлеуметтік желінің әлегі» — тек технологиялық емес, сонымен қатар рухани, мәдени және адамгершілік мәселе. Бұл заманауи құралды дұрыс пайдалану — білімді, саналы қоғамның міндеті. Әлеуметтік желі — бізге қызмет ететін құрал болуы керек, біз оған емес.

Мұрат ҚАЗАМБАЕВ,
Ұлытау облысы бойынша
дін саласындағы
Пул сарапшысы.

► ЗАҢ ЖӘНЕ БІЗ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ —
ЗАҢСЫЗДЫҚТАН
ҚОРҒАЙДЫ

Қазіргі қоғамда құқықтық сауаттылық — әрбір азаматтың негізгі қажеттілігінің біріне айналды. Заңды білу, өз құқығыңды қорғау — тек құқық қорғау органдарының емес, барша халықтың міндеті. Құқықтық сауатсыздық — адамның өз құқығынан айырылып қалуына, заңсыз әрекеттерге ұрынуына себеп болуы мүмкін.

Мемлекетімізде құқықтық мәдениетті арттыру бағытында түрлі іс-шаралар мен бағдарламалар жүзеге асырылуда. Әсіресе, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Бұл болашақта әділетті қоғам қалыптастыру үшін маңызды қадам.

Құқықтық сауаттылық азаматтарға:

- заңды дұрыс түсінуге;
- өз құқықтары мен міндеттерін білуге;

- заң бұзушылықтың алдын алуға;
- түрлі өмірлік жағдайда дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

Мысалы, еңбек қатынастары, тұтынушылар құқығы, тұрғын үй, білім алу, әлеуметтік көмек алу салаларында заңды білген азамат ешқандай алаяқтыққа немесе заңсыздыққа тап болмай-

ды. Сонымен қатар, құқықтық білім — сыбайлас жемқорлықпен күресте де маңызды құрал.

Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін, бостандығын қорғауда соттар ең бірінші заңға сүйенеді. Ал, заңның дұрыс қолданылуы — әділ сот төрелігіне кепілдік етеді.

Әрбір азамат заңға бағынуы тиіс және өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауға құқылы. Сондықтан құқықтық сауатты болу — бұл тек қажеттілік емес, қоғам алдындағы жауапкершілік.

Құқықтық сауаттылық — әділетті, қауіпсіз және өркениетті қоғамның негізі!

М.ЖОЛДАСБЕКОВА,
Сәтбаев қалалық сотының
жетекші маманы.

ОТБАСЫ ЖӘНЕ
ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Қазіргі заманда отбасының қоғамдағы рөлі бұрынғыдан да маңызды болып отыр. Ғылым мен технологияның дамуымен, ақпараттың қолжетімділігімен және өмір салтының өзгеруімен бірге отбасылық құндылықтарға деген көзқараста трансформацияға ұшырауда.



Бұрынғы дәстүрлі отбасы үлгісінде ата-ана мен балалардан тұратын көпбалалы отбасылар жиі кездессе, қазіргі таңда кіші отбасылар — яғни тек ата-ана мен бір-екі баладан тұратын отбасылар жиілеп келеді. Сонымен қатар, жалғызбасты ата-аналар, азаматтық некелер, тіпті бала сүймеуді саналы түрде таңдаған жұптар да қоғамда кездесуде. Мұндай өзгерістер әрине, жаһандану мен урбанизацияның әсерінен туындап отыр.

Дегенмен, отбасының негізгі қызметтері — тәрбиелеу, қолдау көрсету, махаббат пен қамқорлықты сезіндіру — өзгеріссіз қалуда. Қандай қоғам болмасын, бала тәрбиесі мен рухани құндылықтардың негізі отбасында қаланатыны сөзсіз. Ата-ана мен бала арасындағы сенім, құрмет пен жауапкершілік қазіргі заманда да басты құндылық болып қала береді.

Бүгінгі таңда отбасыларға қойылатын талаптар да күрделене түсті. Қаржылық тұрақтылық, сапалы білім мен қауіпсіз орта құру — ата-аналар үшін басты мақсаттардың біріне айналды. Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың дамуымен балалардың тәрбиесіне сыртқы ақпараттық әсер күшейді. Бұл жағдайда ата-ананың рөлі бұрынғыдан да белсенді болуы тиіс.

Қорытындылай келе, қазіргі заман отбасының құрылымы мен формасына өзгерістер енгізгенімен, оның қоғамдағы рөлі мен маңызын төмендеткен жоқ. Керісінше, мықты отбасы — мықты мемлекеттің кепілі екенін ұмытпауымыз қажет.

Сағыныш МАҚАЖАНОВА,
Ақпараттық түсіндіру
тобының мүшесі.

ҚҰРМЕТТІ СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ
ТҮРҒЫНДАРЫ!

«Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тіл-құрал» оқу-әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазақ, орыс, ағылшын тілдері және «Ресми қазақ тілі» қысқа мерзімді курстарын тегін оқуға 14 жастан асқан тыңдаушыларды шақырады!

Байланыс телефондары: 87771076793; 87072060890;
87074925742; 34140.
E-mail: satpaev-til@mail.ru

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ
ГОРОДА САТПАЕВ!

Коммунальное государственное учреждение «Учебно-методический центр «Тіл-құрал» государственного учреждения «Отдел культуры и развития языков города Сатпаев» приглашает слушателей в возрасте от 14 лет на бесплатные курсы по обучению казахскому, русскому, английскому языкам и на краткосрочный курс «Ресми қазақ тілі».


Обращаться по телефонам: 87771076793; 87072060890;
87074925742; 34140.
E-mail: satpaev-til@mail.ru



ОВЕН. Вы почувствуете внутреннее напряжение ближе к середине недели — его причина может крыться в давно отложенном разговоре. Откажитесь от импульсивных решений, особенно в финансовой сфере. Ожидается неожиданный контакт с человеком из прошлого, который изменит ваше отношение к себе.



ТЕЛЕЦ. принесет вам весомое признание. Во вторник избегайте конфликтов с руководством — даже если вы правы, излишняя прямо- та сыграет против вас. Возможны бытовые неполадки дома, не откладывайте решение — они будут нарастать. В выходные стоит погрузиться в творчество: оно поможет восстановить душевное равновесие.



БЛИЗНЕЦЫ. Начало недели даст вам шанс на короткую поездку или важное сообщение издалека. Вам будет трудно концент- рироваться, но это не повод бросать дела на полпути. В личной жизни наметится разговор, который давно требовал честности — не уходите от прямых формулировок. Уделите внимание здоровью горла и дыхательной системе — возможны мелкие воспаления.



РАК. Эта неделя потребует от вас практич- ности и жесткости — мягкость не сыграет вам на руку. Возможно, придется выйти из роли “понимающего человека” и занять твердую по- зицию. В отношениях назревает момент истины: если партнер вас не слышит — подумайте, зачем вы рядом. Финансовая сфера начнет оживать, особенно у тех, кто работает с частными клиентами.



ЛЕВ. Вы почувствуете подъем энергии уже в понедельник — используйте его для продви- жения идей, которые раньше не встречали понимания. Кто-то из друзей предложит ри- скованный, но перспективный проект. Будьте избира- тельны в обещаниях — ваши слова будут иметь вес. Не исключено случайное столкновение с соперником или конкурентом — держите самообладание.




ДЕВА. Неделя заставит вас сосредоточиться на деталях — то, что вы упустили ранее, мо- жет аукнуться. Вероятны задержки в получении важной информации, особенно если вы зависите от третьих лиц. Не торопите события — ваше ожидание окупится. В среду избегайте обсуждений финансов, даже в шутку — велика вероятность недопонимания.



ВЕСЫ. Начало недели принесет ощущение раздвоенности — как будто два противо- положных желания борются внутри. Уделите внимание жилищным вопросам: возможны мелкие расходы, которые вы не планировали. Ожида- ется встреча, после которой вы посмотрите на одну си- туацию иначе.



СКОРПИОН. Ваша интуиция будет особенно обострена — не игнорируйте внутренние сиг- налы. На работе произойдет событие, которое поставит все с ног на голову, но вы выйдете по- бедителем. В середине недели проявите сдержанность в переписке — одно слово может вызвать цепную реакцию.



СТРЕЛЕЦ. Неделя начинается с неожидан- ного предложения, которое вы сперва захо- тите отвергнуть. Не торопитесь с выводами — пересмотрите детали. Возможен успех в спортивных начинаниях или публичных выступлениях. Не планируйте поездок на субботу — возможны наклад- ки и форс-мажоры.



КОЗЕРОГ. Вам придется взять на себя больше, чем обычно, — но результат оправ- дает усилия. Окружающие будут ожидать от вас поддержки, но важно не забыть про свои границы. Возможны временные сложности в бытовых делах: техника может подвести. Деньги, которые вы ожидали давно, наконец придут.



ВОДОЛЕЙ. Ваш креатив будет на пике — особенно в первой половине недели. Это от- личное время для старта нового проекта или смелого заявления. Не отказывайтесь от при- глашений — именно в неформальной обстановке может завязаться полезное знакомство. В пятницу возможна путаница в документах — будьте внимательны.



РЫБЫ. Вы почувствуете сильную тягу к уе- динению — не игнорируйте ее, это не бегство, а восстановление. Не стоит делиться пережи- ваниями с теми, кто вас не понимает — вы- берите слушателей с осторожностью. Работа потребует высокой концентрации, особенно в пятницу.

СКАНВОРД



Анекдоты, анекдоты...



- Так много китайских машин появилось, я раньше и не знал о существовании этих марок.
- Большинство китайцев тоже не знают об их существовании, потому что сами ездят на немецких автомобилях.

отпуска. Как ей это удалось?
- Она сидела на китайской диете.
- Наверное, это нелегко?
- Еще бы, целый месяц есть бульон деревянными палочками!

Скажите, а где купить оригинальные запчасти для китайского автомобиля? А то везде только китайские.

— Простите пожалуйста, надеюсь, что мой вопрос не покажется вам нетактичным, но очень хотелось бы знать: китайцам европейцы тоже кажутся все на одно лицо?

- Твоя жена заметно похудела после

— Откуда я знаю, я японец.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Аппарат акима города Сатпаев» сообщает о том, что на основании постановления акимата г.Сатпаев от 22 июля 2025 года №45/01, в связи с угрозой обрушения грунта, в целях обеспечения безопасного доступа населения к могилам родственников, планируется перезахоронение останков и перенос надмогильных сооружений христианского кладбища, расположенного к югу от бывшего поселка Жезказган.

Перезахоронение останков будет осуществлен на новое христианское кладбище г.Сатпаев.

Прием заявлений на перезахоронение осуществляется по адресу: г.Сатпаев, пр. Сатпаева, 111 (здание ЦОНа), каб. 410. Контактные телефоны: +7 771 287 1469, +7 705 199 72 15

ҰЛЫТАУДЫ ШАРЛАП ЖҮР ҰЛЫ «АБАЙ КЕРУЕНІ»

Қазақтың ұлы ойшылы, данышпан, ақыны Абай Құнанбай-ұлының туғанына -180 жыл толу салтанаты еліміздің түпкір-түпкірінде тойланып жатыр. Бұл той - Абайды түсінуге, оның ғибраттарын бойымызға сіңіруге деген кезекті ұмтылыс. Әсіресе, жас ұрпаққа, өзге ұлт өкілдеріне насихаттау - аға буынның, зиялы қауымның қастерлі міндеті. Облыстың барлық аудан, қалаларына сапарға шыққан «Абай керуені» халықпен жүздесіп, әртүрлі іс-шараларға қатысуда.



Ұлытау облысында ұлы Абайды дәріптеудің арнайы бағдарламасы қабылданды. Соның бірі - «Абай керуені» әдеби сапары. Керуен сапарға шығар алдында Жезқазғандағы Абай ескерткіші маңында «Асыл сөзді іздесең Абайды оқы» атты поэзия кешін өткізді. Ұлытау облысы қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырған бұл кештің бір ерекшелігі, бұған өзге ұлт өкілдері көптеп қатысты. Олар ұлы Абайдың өлеңдерін жатқа оқып, әндерін шырқады.

Ақын шығармашылығын насихаттауда ҚХА мүшелері, этнобірлестік өкілдері, жастар ерекше белсенділік танытуы Абайдың барлық ұлт пен ұлыстың ортақ тұлғасына айналғанын айғақтай түседі. Өлеңмен өріліп, әнмен әрленген поэзия кешіне қатысқан көпшілік Абай мұраларына қатысты тағылымды әңгіме тындап, танымдық сауалдарға жауап беріп, ақын өлеңдерін жатқа оқып, ризашылықпен тарасты. Міне, осмылайша, облыс аумағында «Абай керуені» әдеби сапары басталды.

Керуен алғашқы сапарында қасиетті Ұлытауға табан тіреді. Аудан әкімі А.Мырзабеков қонақтарды өзі күтіп алып, аудандағы атқарылып жатқан жұмыстарды қысқаша баяндады. Ұлы

нында да, бұл бұрынғы Тасбұлақ емес екен! Жаңарған, жасарған, жайнаған Тасбұлақ келгендердің көңілін көтеріп, көзқуаныштарына айналды.

Әдеби сапардың екінші күні Жаңа-арқа ауданында жалғасты. Аудандық мәдени-сауық орталығында Абай оқулары, көркемөнерпаздардың концерттік бағдарламасы шараларына керуен мүшелері де атсалысып, ардагерлер ұлы ғұлама туралы ұлағатты ойларын өрбітті.

Атақты әнші Қорабай Есеновтің Абайдың 150 жылдығы тойынан айтқан әдемі естелігі әсерлі шықты. Жәйрем-Қаражал өңіріне ұласқан сапарда жастармен кездесу, шығармашылық өкілдерімен әдеби шығармашылық кеш өткізудің де негізгі өзегі Абайдың даналық сөздері мен терең ойларын өрбітуге арналды.

«Абай керуені» жобасы аясында ұйымдастырылған іс –шаралардың бірі «ABAI-QUIZ» зияткерлік ойыны болды. Бұл зияткерлік ойын Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Ұлытау облыстық тілдерді дамыту орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен облыстық әмбебап кітапханасында өтті.



Абайдың мерейтойына байланысты іс-шаралардың жыл бойы жүргізілетіне тоқталды.

«Абай керуені» аудан орталығында өткен «Абай – ұлттың ұлы ұстазы» танымдық кешінің құрметті қонақтары болып қана қойған жоқ, сол кештің белсенді қатысушыларына айналды. Бұдан соң өткен Абай әндерінен қойылған концертке де керуен тобымен келгендер де қосылып кетті.

Ұлытауға барып тұрып, Тасбұлақтың суынан дәм татпау күнә іспетті ғой. Сондықтан да, керуен көші жаңадан жабдықталған «Тасбұлақ» демалыс аймағына атбасын арнайы бұрды. Шы-

Жеті кезеңнен тұратын ойынға 5 топ қатысты. Олардың қатарында Ұлытау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының «Ойшыл», Ұлытау облысы қаржы басқармасының «Ағартушы», Ұлытау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Сазгер», Ұлытау облысы мемлекеттік архивінің «Философ», Тайжан Қалмағамбетов атындағы Ұлытау облысы филармониясының «Қайраткер» топтары болды.

Әр кезеңнің сұрақтары хакім Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайында ауызша, жазбаша, аудио, бейне, сурет түрінде берілді. Ойын соңында ең көп ұпай жинаған Ұлытау облысы қаржы басқармасының «Ағартушы» тобы жеңімпаз атанып, арнайы сыйлық және дипломмен марапатталды. Барлық қатысқан топтарға алғысхаттар мен сыйлықтар табысталды.

«Абай керуені» өз сапарын одан әрі жалғастыруда. Айталық, керуеннің сапары барысында 8 тамызда Сәтбаев қаласындағы Ш. Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайының көрме залында сағат 17.00-де «Абай керуені – руханият пен өркениет жолында» облыстық мәдени-танымдық дөңгелек үстелі өтіп, бұған зиялы қауым өкілдері, абайтанушылар, ақын-жазушылар, әдебиеттанушылар мен мәдениет қызметкерлері, «Жасыл ел» еңбек жасағының жастары қатысатын болады. Ал, керуен қонақтары кешкілік сағат 19.00-де Абай аллеясында әдеби-сазды кешке қатысады.

Әдеби сапар 10 тамызда Жезқазған қаласындағы Абай ескерткіші алдында қорытындылады. Оның аясында ақын ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі, Абай әндерінің концерті өткізіліп, «Абай дана, Абай дара қазақта» атты ақындар мүшайрасының қорытындысы сияқты шаралармен түйінделеді.

Ізтөлеу ТҮСІП.



Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 1324

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.